

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА  
ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС  
УНИВЕРСИТЕТІ  
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ  
050013, Алматы қ., Байтұрсынов к-сі, 126  
Тел.: 8(727)-2925740  
Факс.: 8(727)-2925057



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН  
АЛМАТИНСКИЙ  
УНИВЕРСИТЕТ  
ЭНЕРГЕТИКИ И СВЯЗИ  
НЕКОММЕРЧЕСКОЕ  
АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО  
050013, г.Алматы, ул.Байтұрсынова, 126  
Тел.: 8(727)-2925740  
Факс.: 8(727)-2925057

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

12.12.2016

№ 181

**Тауарлар, жұмыстар және қызметтер  
сатып алуды жүргізу тәртібі туралы**

«Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы ректоратының шешімін орындау үшін **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2017 ж. тауарлар, жұмыстар және қызметтер сатып алуды электрондық сатып алулар жүйесі және бағалық ұсыныстар сұранысын пайдалану арқылы жеткізушіні таңдау тәсілі бойынша іске асырылсын.

1.1. 100 АЕК жоғары тауарлар, жұмыстар және қызметтер сатып алуды электрондық сатып алулар жүйесі арқылы «tr.com.kz.» электронды сауда алаңы арқылы жүргізілсін.

1.2. Тез қалпына келтіруді талап ететін істен шыққан коммуникациялар, механизмдер, агрегаттар және қосымша бөліктер мен материалдарды төтенше жағдайлар, апаттар, түрлі ақаулар салдарын жою үшін тауарлар, жұмыстар және қызметтер сатып алу және сондай-ақ 100 АЕК-ге дейінгі құндағы тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алу бағалық ұсыныстар сұранысын пайдалану арқылы жеткізушіні таңдау тәсілі бойынша іске асырылсын.

2. Тауарлар, жұмыстар және қызметтер сатып алу секторы (Н.С. Рысбекова):

2.1. Сатып алу тәсілін бөлу бойынша 2017 ж. тауарлар мен қызметтер сатып алу жоспарын 2017 ж. 25 ақпанына дейін университет бөлімшелерінің өтінімдері негізінде қалыптастырсын.

2.2. Әр тоқсан сайын ағымдағы тоқсанның бірінші айының 10-нан кешіктірмей тәрбие және әлеуметтік жұмыстар проректоры Е.А.Абдрахманов бекіткен өтінімге сәйкес тауарлар берудің жөнелтпе рұқсатын университет қоймасына ұсынсын.

3. Қойма меңгерушісі Г.И. Архипова бас бухгалтердің орынбасары және тауарлар, жұмыстар, қызметтерді сатып алу секторының меңгерушісі бекіткен жөнелтпе құжат (талап) негізінде тауарлар беруді жүргізсін.

4. ӨЗБ маманы Б. Мырзабекова осы бұйрықты университеттің барлық бөлімшелеріне мәлімдесін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау ТӘЖ проректоры Е.А.Абдрахмановқа жүктелсін.

**Негізі:** Ректораттың 06.12.16 ж. шешімі, № 2 хаттама

**Ректор**



**Е. Сыргалиев**

Бұйрықты енгізген:  
Сатып алу секторы меңг.

**Н. Рысбекова**

Келісіді:  
ТӘЖ проректоры

A handwritten signature in black ink, likely belonging to E. Abdurakhmanov.

**Е. Абдрахманов**

ҚБ бастығы-бас бухгалтер

A handwritten signature in black ink, likely belonging to Z. Ibraeva.

**З. Ибраева**

ӨЗБ бастығы

A handwritten signature in black ink, likely belonging to A. Sergazina.

**А. Сергазина**

МТЖАС меңгерушісі

A handwritten signature in black ink, likely belonging to G. Turar.

**Г. Турар**